

Мектептегі мерекелер

№1 (175)
2023

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

С. Айбасова, Р. Акатай	
Мемлекеттік нышандар	3
Р. Бекишова	
Тілім барда айтылар сыр ойдағы	5
А. Сембаева	
Әліппе, саған мың алғыс!	7
М. Бекшенова	
Қош бол, сүйікті Әліппем!.....	12
С. Бердибаева	
Әліппе, саған мың алғыс.....	16
А. Джумагулова	
XXI ғасыр көшбасшысы.....	21
А. Джуптыбаева	
Жат әдеттерден сақтан.....	25
Ұ. Кемеш	
Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді.....	27
М. Тастанбеков	
Ізгілік – игілік бастауы	29
Б. Рахымбаев	
Адамгершілік – асыл қасиет.....	31
Оқушылар шығармашылығы.....	34

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
28.0. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Мемлекеттік нышандар

Мақсаты:

1. Оқушыларға география сабағында Қазақстанның мемлекеттік рәміздердің аса маңызды екенін, оны құрметпен мақтан тұту керектігін ұғындыру, ой өрісін кеңейту;

2. Отанды сүйуге, рәміздерді құрметтеуге үйрету, өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу;

3. Дарынды оқушылардың ой-өрісін, ойлау қабілеттерін шыңдау, шығармашылық қасиеттерін дамыту.

Көрнекілігі: ҚР рәміздері, нақыл сөздер, суреттер.

1-жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті оқушылар мен ұстаздар! Бүгін сіздердің назарларыңызға «Мемлекеттік нышандар» атты 7, 8, 9-сынып оқушылары арасында Зияткерлік сайысын (тәрбие сағатын) өткізгелі отырмыз. Олай болса, бүгінгі тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

(Сабақтың мақсатымен, жоспарымен таныстырылады)

2-жүргізуші: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалсын!

1-жүргізуші: Қазақ елі ұлан – байтақ. Бір қиырынан екінші қиырына дейін ұшқан құстың қанаты талып, жортқан аңның тұяғы шағылған деп суреттеледі аңыздарда. Айтса айтқандай, батысынан шығысына 3000 шақырым, солтүстігінен оңтүстігіне 1600 шақырым, жалпы аумағы 2,7 млн шаршы шақырым алып аймақты қалай әсірелесе де тұрарлық.

Осындай кең-байтақ жерге ие жас, егеменді еліміздің өзге елдердегідей өз «іңгәсі» бар. Ол – көтерген Туы мен Елтаңбасы, асқақтата әуелеткен Әнұраны. Еркіндікке ұмтылған қай ел, қай халық та өз даусымен сөйлеуді, өз үнімен жар салуды армандайды. ҚР Ата заңының 9-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар», - делінген.

Біздер тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұландарымыз. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге, сүйуге қорғауға тиіс екенімізді естен шығармайық.

Олай болса, назарымызды бейне-көрініске салайық!!! (Көрсетілді)

2-жүргізуші: Зияткерлік сайысымыз 3 кезеңнен тұрады.

1-кезең. Сұрақ жауаптарға жауап берулеріңіз қажет.

2-кезең. Сандар сөйлейді.

3-кезең. Сәйкестіндіру. Мұнда Мемлекеттердің туы мен картасын сәйкестендіру керек.

1-жүргізуші: Ендеше, келесі кезекті әділ қазы алқасына сөз береміз! (Оқыды, шықты)

2-жүргізуші: Олай болса, құлақ салып келесі бейнесұхбатты тамашалайық!!!

1-жүргізуші: Осымен, 7, 8, 9-сыныбының дайындаған «Мемлекеттік нышандар» атты ашық тәрбие сағатын жабық деп жариялаймыз!!!

Көңіл бөліп, алтын уақыттарыңызды қиып келгендеріңізге көп рахмет!!!



География пәні мұғалімдерінің дарындылық туралы ой-пікірі.

«Дарындылық» – бұл адамның белгілі іс-әрекет аумағында ерекше табыстарға жетуге көмектесетін, қабілет дамуының жоғары деңгейі. Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оны үнемі алға жылжуға деген табиғи талап-тілектеріне, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру. Конфуцийдің «Естігенімді – ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, өзім істегенімді меңгеремін» деген ұстанымымен өзара ұштасып жатыр.

Дарын иесін айқындау, оқушылардың білімдерін жетілдіру, болашақтарына бағыт беру – тәуелсіз еліміздің көркеюінің кепілі. Өйткені талантты, дарынды оқушылардың мемлекетімізге қосар үлестері зор болмақ деп сенім білдіреміз.

**Салтанат Айтжанқызы АЙБАСОВА,
Раушан Еркиновна АКАТАЙ,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Ғ. Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің география пәні мұғалімдері.
Қостанай қаласы,
Қостанай облысы.**

Тілім барда айтылар сыр ойдағы

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларды өз ана тілінің қадір қасиетін біліп, көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға үйрету;

2. Тіл көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой өрісін дамыту;

3. Тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сіңіре отыра, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге ат салысуға шақыру.

Сайыстың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Негізгі бөлім.

Мұғалім сөзі:

Туған тілім — тірегімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім, менде бірге өсемін,

Өшсе тілім, менде бірге өшемін, — деп Ә. Тәжібаев жырлағанда, тіліміз туралы қаншама ақын-жазушылар өз шығармаларына арқау еткен.

Бүгінгі сайысымыз «Тілім барда айтылар сыр ойдағы» тақырыбында өтпек. сайысымыздың мақсаты (слайдтан көрсету «Алғырлар» мен «Тапқырлар» топтары арасында жарыс өтеді.

I бекет. «Таныстыру». Әділ қазылармен таныстыру (жауаптарға 10 балға дейін беру)

Ойын барысымен таныстыру.

II бекет. «Бәйге» Әр топтың үш

ойыншысы жеке-жеке жауап береді.

Зымыран сұрақтар

«Тапқырлар»

I топқа

1. Табыс септігінің сұрағы (Кімді? Нені?)

2. Жай сөйлем деген не? (Бір ғана тиянақты ойды білдіретін дара сөйлем)

3. Қыстырма сөздер қалай жасалады? (Құрамы жағынан бір бірнеше сөзден жасалады (бәсе, әуелі, амал қанша)

4. Сөз деген не? (Заттың атауы, қимылы, сыны)

5. Шылау деген не? (Өз алдына толық мағынасы жоқ сөз)

1. Бірінғай мүшелерден соң қандай шылаулар келеді? (да, де, та, те)

2. Күрделі сөздер деген не? (Сарыарқа, ата-ана)

3. Итмұрын сөзі қандай сөзге жатады? (Біріккен сөз)

4. Үстеу деген не? (Іс-әрекеттің мезгілін, мекенін, сын-қимылын білдіретін сөз табы)

1. Күшейткіш буын арқылы жасалған қос сөзге мысал айт. Қып қызыл.

2. Кімде? Неде? Қай септіктің сұрағы? (Ж.с)

3. Өнерлі сөзін екі жақта жікте сен өнерлісің...

4. Етістік сөйлем мүшесінде қандай қызмет атқарады? (баяндауыш)

5. Есімдік деген не? (З, С, С есімдерінің орнына жұмсалатын сөздер)

«Алғырлар»

II топқа

1. Сөз таптарын ата (З, С, С, Е)
2. Тұрлаусыз мүше дегеніміз не? (Бастауыш пен баяндауыштан басқа мүшелерді)

3. Сан есімге мысал келтір (10)

4. Диолог деген не? (Екі адамның сөйлесуі)

5. Қосымшаның неше түрі бар? (2)

1. Дауыссыз дыбыс түрлерін ата (Қ, Ү, Ұ)

2. Тұрлаулы мүшелерді ата. (Бастауыш, баяндауыш)

3. Көкшіл қандай сөз табы? (Сын есім)

4. Т қандай дыбыс? (Қатан)

5. Сөз құрамын ата. (Түбір мен қосымша)

1. Етістік деген не? (Іс-әрекетті, қимылды білдіреді)

2. Зат есім неше жақта тәуелденеді? (3)

3. -лар, -лер жалғаудың қай түрі? (Жіктелген)

4. Оқушысың не істеліп тұр? (Жіктеліп)

5. Жұрнақтың қызметі қандай? (Сөздің мағнасын өзгертеді)

III бекет. «Ғажайып төрттік».

Оң жақ

30. Күрделі етістігі бар сөйлем айт

20. Әке көрген ...

Шеше көрген ...

10. Тәуелді жағаудың екі жағынан жалғауын ата (-ін, -ын)

40. Тіл туралы конституцияның нешінші бабында айтылған? (7-бабында)

Сол жақ

30. Тіл туралы мақал айт

20. 5 сағатта неше минут бар? (300)

10. Сөз деген не? (Зат атауы, киімы, сыны, саны)

40. Оқушының құқығы.

IV бекет. «Тіл өнері»

Топтарға жалпы үш сұрақ қойылады

1. Ата Заңы қай күні, жылы қабылданды? (1995 жыл 30 тамыз)

2. Тәуелсіздік күні қай күні және қай жылы қабылданды (1991 жыл 16 желтоқсан)

3. Қазақстан туралы не білесің?

4. Санды дұрыс оқы. 24002478

5. Санды дұрыс жаз 5/4 сыныптар

6. $30(кв) + 7(кв) = ?$

7. Тіл туралы мақал жаз (1 минутта)

Көрермендерге сұрақ

1. ҚР Мемлекеттік туының авторы (Шәкен Ниязбеков)

2. ҚР Мемлекеттік елтаңбасының авторы (Жандарбек Мәлібеков, Шотаман Уәлиханов)

3. ҚР Мемлекеттік әнұранының авторы (Сөз: Ж.Нәжімеденов, Н. Назарбаев. Әні: Ш. Қалдаяқов)

V бекет «Ділмар».

Құнды сөз құнарлы ойдан туады де-мекиші Ортақ мәтін беріледі, сол мәтін мазмұнына сай мақал тауып жазыңдар.

Абай әбішті ертіп өз ауылына қайтты. Атқа мінгізбей екеуі ғана ақырын басып әңгімелесіп келеді. Сен дұрыс айтасың Әбіш жоқ жітік туралы айтқаныңның бәрі де өнімді, өрелі сөз. Бірақ саған бір сұрағым бар. Қараңғы кедей

жұртының ең алғашқы емшісі екенсің. Сен сол қалың күпке, халқыңа арнап ойың, жәрдемің бар ма? Деп Абай бәлсәына барлай қарады. Әлі оқуымды бітірген жоқпын ғой деп Әбіш ойын жия алмады.

Абай шапшаң қатып ойын аяқтады. Рас тауысқан жоқсың. Оқуыңды тауысқан соң, халық туралы, ауыртпашылық туралы, болашақ дағдыры туралы ойладың ба? Айтшы. Оқу оқып, қызмет етіп елге көмек бересің

Оқушылар ойланады.

Тіл туралы өлең оқылады.

(Мәтінге сай мақалдар)

Оқусыз білім жоқ

Білімсіз күнің жоқ

Оқу — инемен құдық қазғандай

Ән орындалады.

Әділқазылар бағаларын береді

Топтардың жинаған ұпайларын санап, жеңімпаздарды марапаттау.

Бекіту. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту бүкіл ата — бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Роза Жакановна БЕКИШОВА,
Алматы облыстық №1 балалар үйі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Алматы қаласы.

Әліппе, саған мың алғыс!

Сембаева Алла
Мақсотқызы
бастауыш сынып
мұғалімі,
«ЗЕРДЕШ» зияткерлік
мектебі,
Алматы қаласы.

Мақсаты:

№1 (қаңтар) 2023 жыл

1. Оқушылардың білімін бекіту, олардың алған білім дағдыларын көрсету. №1 (қаңтар) 2023 жыл

2. Тілін дамыту, сөздік қорын молайту. №1 (қаңтар) 2023 жыл

3. Ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. №1 (қаңтар) 2023 жыл

Түрі: Әдеби - музыкалық монтаж

Флешмоб №1 (қаңтар) 2023 жыл

1-ші оқушы: **АЛЬФАЙЗ**

Құрметті ата - аналар, қонақтар! Бүгінгі «Әліппе, саған мың алғыс!» атты мерекемізге қош келдіңіздер!

2-ші оқушы: **АРДАНА**

Осыдан 4 ай бұрын «Зердеш» мектебінің табалдырығын аттап, Ахмет атамыздың аманаты әліппемізді қолға алып едік.

3-ші оқушы: **НҰРАСЫЛ**

Иә, иә. Енді міне әліппені аяқтап, сауатты жазып оқи білетін болдық.

4-ші оқушы: **РАЯНА**

Таныстырған 42 әріппен

Кеңпейілсің менің құтты әліппем

Дыбыс, әріп ғажайыптар мекені

Алдарыңызда көліктердің шеруі

Музыка, көліктердің дыбыстары туралы.

Автобус МУЗЫКАМЕН

А. АЙДАНА

А-ны алғаш айтқанда дауысым дірілдеді, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Ұстазым көз алдымда күлімдеді. №1 (қаңтар) 2023 жыл

Күн сайын әріптердің атын біліп, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Сөз оқимын айрып буынды енді.

Ә. ЮСУФ

Әжем, әкем әніміз, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Әрқашанда сәніміз. №1 (қаңтар) 2023 жыл

Енді білдік әдемі, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Ә - әрпінің мәнін біз.

Н. ӘЛІБЕК

Н - әрпі Ас біткеннің анасы №1 (қаңтар) 2023 жыл

Қасиетті нан осы. №1 (қаңтар) 2023 жыл

Қайсы әріптен басталған №1 (қаңтар) 2023 жыл

Соңғы әрпіне де қарашы.

І АСЫЛЫМ

Іл, іл ілмешек, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Ірі шарды үрлесек. №1 (қаңтар) 2023 жыл

Ренжиді інілер №1 (қаңтар) 2023 жыл

І дыбысын білмесек.

Б. АЙША

А - деген ол - аналар ғой ардақты, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Ә - деген ол - әкелер ғой салмақты, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Б - деген ол — балалар ғой әдемі, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Біздің елде үшеуі де кәделі

Би: « БАТЫРЛАР» ұлдар

Ұшақ музыкамен

З НҰРАЙ №1 (қаңтар) 2023 жыл

«Кел!» - деп аспан тұр ымдап, №1 (қаңтар) 2023 жыл жұлдыздары жындыдап. №1 (қаңтар) 2023 жыл

Байқоңырдан ұшады №1 (қаңтар) 2023 жыл

Ракета зуылдап.

Ұ МИРАС

Ұя, ұлу, ұшақтың

Басын бастап беремін.

Құс, жұмыртқа, бұтақтың

Ортасында келемін.

Ғ ЕРСІН

Ғарыш деген — көк аспан, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Ай, жұлдызы жарасқан. №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Мен ғарышкер боламын — №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Айға барып қонамын!

И АМРЕ

Ие керек итке.

Ине керек жіпке.

Икем керек іске,

Иық керек жүкке.

В ЕҢІЛІК

Ал, балалар жүрелік

Вагонға тез - тез мінелік

Айналып өтіп бұл жерден

Келесі елге жетелік.

Пойыз:

ПАХМАД №1 (қаңтар) 2023 жыл

Тұмсығы оның күшті, №1 (қаңтар)

2023 жыл аяқтары сұсты, №1 (қаңтар) 2023 жыл таси алады жүкті — №1 (қаңтар) 2023 жыл піл дегенің мықты!

Ү АЛЬФАЙЗ

Ү дегенім — Үшарал,
Шығыста үлкен қала бар.
Үржардан жетіп бір хабар,
Хат жазысып тұрар балалар.

О - АДЕЛ №1 (қаңтар) 2023 жыл

Қамқор болып орманға №1 (қаңтар) 2023 жыл ағаштарын қорғандар.
№1 (қаңтар) 2023 жыл.

Жақсы азамат болмайды №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Көк орманды орғандар.

Ж - ИБРАХИМ

Ж дегенім — Жезқазған,
Сапырған мыс пен мырышын.
Жездіде кенші кен қазған,
Еселеп елдің ырысын.

Й- ЖӘҢГІР №1 (қаңтар) 2023 жыл

Ай қалықтап барады, №1 (қаңтар) 2023 жыл көкте жүзген ол кеме. №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Ай қызығып барады №1 (қаңтар) 2023 жыл бидай өскен өлкеме.

Әлди биі:

Кеме музыкамен

ф - НҰРАСЫЛ №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Дуадақ құс далада, №1 (қаңтар) 2023 жыл

Жоламайды қалаға. №1 (қаңтар) 2023 жыл

Дельфин жүзер теңізде, №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Ол теңізбен егіз бе?!

Г - Гульфаруз

Гүлге ұқсап ырғалып, №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Шаршағанда демалам. №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Қолымызды қозғалтып, №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Гүлдей болып жайқалам.

М- Раяна

Су таситын бұл шелек

Бәрімізге де керек

Ы - Асқар

Ынтымақ пен Ырысты

Сындырып алды ыдысты

Жұптық би:

Әліппе мен ана тілі кіреді:

Әліппе: АРДАНА

- Армысындар жас достар! №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Армысындар, ата - ана! №1 (қаңтар) 2023 жыл

Болашаққа жол бастар, №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Әліппең келді ортаға. №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Жақсы білім көрімдік, №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Болсын бізге халайық. №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Не үйретіп, не білдік, №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Қане, ортаға салайық!

Мен өзімнің жолымның жалғасы
Ана тілін ала келдім. Балалардың не
үйренгенін, қандай деңгейге жеткенін
көрсін.

Ана тілі: ЖӘҢГІР

Сәлеметсіздер ме, балалар?

Туған елдің тілімін

Ақылыммен танылам.

Түсіндірер бәріне

Ана тілі мен болам.

Балалар, енді бұрынғыдан да көп

оқитын боласыздар. Ынта қойып оқысандар көп нәрсеге үйренесіздер.

Әліппенің сөзі: АРДАНА Міне балалар, сендер мені оқып тауыстыңдар, әріптерді жақсы меңгердіңдер. Менен не үйрендіңдер?

Ана тілі: Жәңгір Иә балалар Әліппеден не білдіңдер, не үйрендіңдер соны айтып беріңдерші? №1 (қаңтар) 2023 жыл

Оқушылар: Оқуды, жазуды, мақал-мәтелді, жаңылтпаш айтуды, жұмбақ жасыруды үйрендік.

№1 (қаңтар) 2023 жыл.

Әліппе: АРДАНА

Олай болса, балалар сіздердің білімдеріңізді кубик ойынымен тексеріп көрейін. Ортаға 5 оқушыдан 2 топ келсін. Мына кубиктерден сөз құрастырып беріңдерші.

№1 (қаңтар) 2023 жыл.

Оқушылар: құрастырып, шыққан сөзді оқиды.

«Отан» және «өлең»

1. АЛЬФАЙЗ

Бізде әліппемізге өлең арнаймыз

Әліппе - білім анасы №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Әліппе - кітап данасы №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Әліппе бетін ашпаған №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Адамның бар ма баласы №1 (қаңтар) 2023 жыл.

2. НҰРАСЫЛ

Енді біз жаза білеміз,

Әріпті қосып әріпке.

Риза боп саған жүреміз,

Сүйікті біздің Әліппе!

3. АСҚАР

№1 (қаңтар) 2023 жыл.

Жақсы кітап Әліппе №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Үйретеді әріпке №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Қуыршақпен қоштастық №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Әліппемен достастық №1 (қаңтар) 2023 жыл.

А - дан бастап әріпті №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Түгел маған танытты.

4. ИБРАХИМ

Әліппе деген алтын жол №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Апарады сені алысқа. №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Жеңіл емес ауыр жол, №1 (қаңтар) 2023 жыл.

Тырысып бақ намысқа.

2 топ:

Ал біз Отан туралы ән орындап берейік

Ән Отаным Анам

КЮАР КОД: Мен қайдамын, әліппенің айрылмас досымын менің де мейрамға баруым керек.

Балалар менің шығуыма көмектесіңдерші....

Оқушылар: Сіз қайдасыз?

Балалар Әліппе оқулығын ашып менің шығуыма көмектесіңдерші.

/Әліппені ашады/кюар код шығады

Салем достар! Мені таныдыңдар ма?

Иә кюар кодпын. Мен сендер сияқты өте ақылдымын. Менен көп ілім, білім үйрендіңіздер. Ендеше білімдеріңді тексеріп көрейін.

Менімен бірге СМАРТ ойынын ойнағыларың келе ме? Онда 2 топқа бөлінейік. Сіздермен бірге сабаққа дайындалуға көмектесіп жүрген ата-аналарды топ басшысы етіп алайық.

1 ТОП

2 ТОП

ОЙЫННЫҢ ШАРТЫ ӘЛІППЕДЕГІ КЮАР КОДТАҒЫ МАҚАЛ, ЖАҢЫЛТПАШ, ЖҰМБАҚТАРДЫ КЕЗЕКТЕСІП АЙТУ КЕРЕК. Қай топ тосылып қалса, сол топ жеңіледі. Сәттілік тілеймін.

5 оқушы жаңылтпаш:

Айша

1) Қырық құлып,
Қырық құрық.
Құлып та-қырық
Құрық та-қырық

Әлібек

2) біздің ел-күрішші,
Ырысты-күрішті.
Күрішті оруға,
Ырысты кірісті.

Асқар

3) ақ шар бар,
Көк шар бар.
Көп шар бар,
Төрт шар бар.

Юсуф

4) малға,
Шөп керек.
Шөп көп керек,
Көк шөп керек.

5) ала қарға қарға қонды,
Қара қарға жарға қонды.

1.Адель

Ж-Жігіт сегіз қырлы бір сырлы болсын.

2.Айдана

Т- Тәртіпті бала – сүйініш,
Төбең көкке жетеді.
Тәртіпсіз бала – күйініш,
Төмендеп басың кетеді.

3. Амре

Ө- Өнер алды – қызыл тіл.

4. Асыл

К – Көз қорқақ, қол батыр.

5. Жәңгір

Өнерлі бала сүйкімді.

Ойынды қорытындылайды, мадақтама береді.

Әліппе, кюар код: Сіздер өте ақылды, дарынды оқушылар екенсіңдер. Оған менің көзім жетті. Рақмет сендерге!

Әліппе әні

Әліппемен қоштасады.

Ана тілі: «Өнер алды қызыл тіл» демекші сендердің тағы қандай өнерлерің бар?!

Ән: «Оқуда озат боламын»

Мұғалім: міне, сіздер білімнің бастауы Әліппені оқып, өздеріңе білімнің шырағын жақтыңыздар. Енді ана тілі оқулығының қызықты еліне сапар шегесіздер. Осы сапарда жолдарың сәттілікке толы болсын.

Мектеп директорының құттықтау сөзі, ата-ананың құттықтау сөзі

Қуәлік тапсыру.



Қош бол, сүйікті Әліппем!

Мақсаты:

1. Білімнің бастауы болған «Әліппеден» үйренгендерін тиянақтау. Өнерлерін тамашалау. Білімдерінің артып, сөз байлығының молайтып, саналарының өскендерін көрсету;

2. Әр оқушының іс-әрекеттері арқылы икемділігін, қабілеттерін көрсету, шығармашылық мүмкіндіктерін ашу;

3. Мектебін, ұстаздарын, ата-аналарын құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: гүл, шарлар, «Әліппе», Ана тілі» оқулықтарының макеті.

1. Фанфар

Үш бала батырлардың киімін киіп келіп, қақпаның жанында тұрады. Аттың шапқан даусы естіледі. Бір бала қақпаны қағады.

Дауыс: Кім, қақпаны қағып тұрған?

«Ана тілі патшалығының» елшісі:

Алыстан ат шаптырып, «Әліппе патшалығымен» қоштасқалы тұрған 1 «А» сынып оқушыларының өнерлерін тамашалауға «Ана тілі» патшалығынан келген елші едік.

Дауыс: Ашындар қақпаны!

Жүргізуші: Бар ғылымға бас болған, болашақтың данасы «Әліппе патшалығымен» қоштасқалы тұрған тойымызға қош келдіңіздер!

1-оқушы: Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Әліппе патшалығымен қоштасқалы тұрған мерекемізге қош келдіңіздер!

2-оқушы: Бүгін біз шексіз қуаныштымыз, өйткені алғаш хат танытып,

сауатымызды ашқан әліппені бітірдік.

3-оқушы: Мен енді өзім оқып, өзім жаза аламын. Ертегі әңгімелерді өз бетімен оқитын болдым.

Жүргізуші:

Мына сұраққа жауап беріндерші.

Бар білімнің бастауы
Бар ғылымның бастауы
Жас балаға нұр шашқан
Қандай кітап тіл ашқан?

Барлық оқушы:

Болашаққа жол ашар
Ол сүйікті – Әліппе,
Ол сүйікті – Әліппе.

Жүргізуші: Дұрыс балалар, Ендеше ортамызға Әліппе патшамызды шақырайық.

Әліппе патшасы:

Армысыздар, жас достар!
Армысыздар, ата-ана!
Әліппені бітірді балаларым,
Әліппеден нәр алған даналарым,
Өзі оқып, жазатын хәлге жетті.
Құтты болсын білімі балалардың!
Ата-ана қуанып шаттанады.
Оқыды деп баласы мақтанады.
Әліппе бетін ашпаған,
Адамның бар ма баласы?!
Жақсы білім көрімдік,
Болсын бізге халайық.
Не үйреніп, не білдік?
Қане, ортаға салайық!

Жүргізуші: Әліппе патшамыз, балалар өзің туралы тақпақ, өлең үйренді, енді соны қонақтармен бірге тыңдаңыз.

4-оқушы:

Әліппе — білім анасы,
Әліппе — кітап данасы.
Әліппе бетін ашпаған,
Адамның бар ма баласы.

5-оқушы:

Бар кітапқа бас болған,
Әліппе ғылым атасы.
Әліппеден басталған,
Даналықтың данасы.

6-оқушы:

Жақсы кітап Әліппе,
Үйретеді әріпке.
Ойыншықпен қоштастық,
Әліппемен достастық.
А-дан бастап әріпті,
Түгел маған танытты.

7-оқушы:

Оқуды көп ойладық,
Қызығына тоймадық.
Әріптерді үйреніп,
Сауат ашып тойладық.

8-оқушы:

Үйретті бізді Әліппе,
42 дербес әріпке.
Сөз, сөйлем құрап әріптен,
Лайық болды дәріпке.

9-оқушы:

Әліппе даңғыл жол ашты,
Жаңадан пәндер жалғасты.
«Әліппе» сырын ұқтырған,
Рахмет, ұстаз алғашқы!

10-оқушы:

Әліппемен қош айтысып қаламыз,
Енді қолға басқа кітап аламыз.
Ата-ана қуанышқа ортақ бол,
Сауатты боп шықты міне, балаңыз!

11-оқушы:

Біз саналы баламыз,
Кітап, қалам аламыз
Ақ паракқа әріппен
Білім жолын саламыз!
«Әліппе» әні орындалады.

Әліппе: Құрметті оқушылар! Өзімнен бастау алатын, өздеріңе даңғыл жол салатын жаңа достарың «Ана тілі патшалығы» елші жіберіп, сендерді шақырып жатыр екен. Енді «Ана тілі патшалығына» жол бастап, барар жолдарыңда ән мен күй шертіп, бар білгендеріңді айта барыңдар. Әрқашан оқуда озат, үлгілі де ілтипатта оқушы болыңдар. Сау болыңдар!

Барлығы:

Біздерге білім үйреткен,
Әліппе, саған рахмет.

Елші: Уа, Әліппе патша, сенімен қоштасатын уақыт та жетті! Рұқсат етсеңіз, балаларды алып, «Ана тілі патшалығына» алып барайын. Сіздерге де «Ана тілі патшалығынан» сәлемдеме ала келдік. Өзіңізден тәлім алып шыққан Ерден есімді түлегіңіз ән шашуымен келді. Ал балалар, жолға шығайық.

«Мектебім» әні орындалады.

Елші: «Әліппе патшалығынан» шыққан ұландар «Ана тілі патшалығына» саяхатқа барып, білім алуға дайынсыңдар ма?!

Барлығы:

Мектеп — кеме, білім теңіз,
Білім нәрін тереміз.

Елші: Мектеп — кеме, білім теңіз болса, біз — білімге құмар, жас батырлар, саяхатымызды бастаймыз.

Елші: Ал, батырлар, математикадан не үйрендіңдер?

12-оқушы:

Математика — ғылымдардың атасы,
Математикадан санауды, есептеуді үйрендік.

13-оқушы: Математикалық тер-

миндерді пайдалана отырып, жақсы тілектер айта аламыз.

4 құбылаң тең болсын!

14-оқушы:

10 мүшелге жет!

Бес асыл іс бойыңнан табылсын!

Шаршы алаңда мүдірме!

Көп ойланып кідірме!

15-оқушы:

Өмірде түзу жолмен жүр.

Жұлдызың жоғары болсын!

«Батырлар» биі орындалады.

Елші: Ақылына көркі сай, ару қыздарымыз «Ана тілі патшалығына» жақындадық! Дайын болыңдар! Сендердің қолдарыңнан не келеді?

Барлығы: Біз бәрін білеміз.

1-оқушы:

Биыл келдім мектепке,

Бала шағым шақырды.

Биыл міне, мектепте,

Болашағым ашылды.

2-оқушы:

Мектеп — білім бұлағы,

Мейірінді қандырап.

Мектеп — ойдың шырағы,

Ақыл-санаң жаңғырап.

3-оқушы:

Үлкенге ізетті,

Кішіге қамқоршымыз.

4-оқушы:

Қыр гүліндей жайнаймыз,

Ән сап, билеп ойнаймыз.

Бүгін бізде мереке,

Әліппе тойын тойлаймыз

5-оқушы:

Біз — шеберміз, ақылдымыз,

Күмбірлеген, күйшіміз.

Жалт-жұлт етіп тал-шыбықтай,

Мың бұралған, бишіміз.

«Аққулар» биі орындалады.

«Балдәурен» әні орындалады.

Елші: Балалар бұл «Құпия аралы» деп аталады. Бұл аралда құпия жазылған сурет бар. Қане, барлығымыз мында жазылған құпиясөзді шешіп көрейік!

Мына суретке қарап, ауа-райы-



ның құбылысын айтып бере аласындар ма?

6-оқушы: Мына белгі «аспан ала бұлтты» дегенді білдіреді.

7-оқушы: Мына белгі жаңбыр жауады дегенді білдіреді.

8-оқушы: Жел оңтүстіктен соғып тұр.

9-оқушы: Температура — 0° (салқын)

10-оқушы: Мына ребустың шешімінде АНА ТІЛІ деген сөз шығады.

11-оқушы:

Бойымды қазақ қаны билеген,
Қос ішегі бір-біріне тимеген.

Қазағымның домбырасы күй тартса,

Тебіреніп, ерекше бір күйге енем.

- Олай болса, Ана тілі патшалығына домбырамызды алып, күйімізді шертіп кірейік.

Домбыра сабағынан көрініс.

Елші:

Уа, халайық, халайық,
Мұнда назар салайық.
Бәріміз бір қол соғып,
Ана тілін қарсы алайық.

(Ортаға ана тілі шығады)

Ана тілі:

Ақыл-ойы дананың,
Ана тілі боламын.
Ана тілі ардақты,
Ақ сүтіндей ананың,
Өсірген ой білімді,
Мәнін терең білуде,
Мейірімі мол балаға.
Ана тілді құрметте!

- Қымбатты балалар! Мектептегі алғашқы жеткен жетістіктеріңмен құттықтаймын. Әліппе сендерді тек



әріптермен таныстырып қойған жоқ, сендерді бір-біріңмен достыққа, мектеп ережелерін орындайтын тәртіпті оқушы болуға да үйретті. Білім баспалдағына өрлеген сапарларың сәтті болсын!

Елші: Ендігі сендердің жаңа достарың Ана тілі оқулығы болады. Сондықтан әліппені қалай меңгерсендер, ана тілін солай оқитын болыңдар. «Білекті бірді, білімді мыңды жығар» деген. Білім іздеу жолында ешқашан шаршамандар. Енді осы білімдеріңді ары қарай жалғастырыңдар. Мен сендерге сенемін.

«Мектебім» әні хормен орындалады.

Жүргізуші:

Ажырамай мектептен бір елі сіз,
Жақсылыққа жаралған жүрегіңіз.
Сөз береміз құрметпенен өзіңізге,
Балаларға арналған тілегіңіз, - дей келе, мектеп директорына сөз беріледі.

Жүргізуші:

Ата-ананың тілегі,
Адам болып өскенің.
Адамдықтың тірегі,
Адал болып өскенің, - деп келесі сөзді ата-аналарға береміз.

Осымен «Қош, бол құтты Әліппе!» атты шарамызды аяқтаймыз! Уақыттарыңызды бөліп, қунышымызға ортақтасып келгендеріңізге көп-көп рахмет!

Мадина Нұрлығалымқызы БЕКШЕНОВА,

«Зердеш» зияткерлік мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Бостандық ауданы, Алматы қаласы.

Әліппе, саған мың алғыс

Мақсаты: Әліппе оқулығынан алған білімдері — барлық білім-ілімнің бастамасы екенін түсіндіру, білімнің адам өміріндегі маңызын ұғындыру. Оқушылардың білімділік белсенділігін арттыра отырып, ұжымдық жұмыс нәтижесіне жетуге дағдыландыру.

1-жүргізуші: Ассалаумалейкум, халайық! Қадірменді, қонақтар!

2-жүргізуші: Армысыңдар, ата-аналар мен ұстаздар! Бүгінгі «Әліппе, саған мың алғыс!» атты мерекемізге қош келдіңіздер!

1-жүргізуші: Осыдан 4 ай бұрын мектеп табалдырығын қысыла да қызыға аттаған бірі отбасының тұңғышы, бірі кенжесі, ата-әжесінің сүйікті де еркесі болып жүрген ұл-қыздарымыз, өздерінің ең алғашқы оқулығы болған Әліппемен бүгін қоштасқылы отыр.

2-жүргізуші:

Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңызда!

Мұндай күй болған, сірә, қаншаңызда.

Қол соғып, қошеметтеп отырайық,

1 «А» сынып оқушылары ортамызда!

Оқушылар сахнаға «Көңілді күн» әнімен шығады.

1-жүргізуші: Кәусар, бұл кештің басты кейіпкері Әліппені шақырсак қалай қарайсың?

2-жүргізуші: Иә, дұрыс айтасың, Омар!

Келгенде алғаш мектепке,
Білмеуші едік әріп те.
Оқимыз қазір ертекті
Үйреткен оны «Әліппе», - дей келе,
Әліппені ортаға шақырамыз.



(Әліппе ортаға келді)

Әліппе: (Әліппе әнін айтып кіреді)

- Армысыңдар жас достар!

Армысыңдар, ата-ана!

Болашаққа жол бастар,

Әліппең келді ортаға.

Жақсы білім көрімдік,

Болсын бізге халайық.

Не үйретіп, не білдік,

Қане, ортаға салайық!

1-оқушы:

Рақмет саған, Әліппе!

Көп нәрсені үйреттің.

Таныстырып әріппен,

Тақылдатып сөйлеттің.

2-оқушы:

Бар кітапқа бас болған
Әліппе — ғылым анасы.

Әліппеден басталған
Даналықтың данасы.

(Әліппені ортаға отырғызады)

«Әліппе әні» хормен орындалады.

Алфавитті үйрендік,
Онда жүйе, қалып бар.

Біздің қазақ тілінде

42 әріп бар, - демекші Әріптер сы-
рын паш етуге рұқсат етіңіздер!

А — Әліппе менен басталып,
Болған соң өзім бас әріп.

Мереке, дулы жиынды,
Жүремін әр кез басқарып.

А — әрпінен есімім,
Айтсам сөздің кесімін.

Айару қыз мен боламын,
Айдай өсіп толармын.

Ә — Бас әріпке інімін,
Дауыстының бірімін.

Ә дегенің — Әліппе,
Бастауы бар білімнің.

Б әрпінен басталған,
Баянсулудай есімім.
Батыр анамның әрқашан,
Ардақтаймын есімін.

Т әрпін саған білу керек пе?
Мен **Сырым Талғатұлы** демек те.
1-сынып оқушысымын тәлімді,
Озат та боламын, әрі зерек те.

Ж әрпінен басталатын **Жаниямын**,
Досы болам сыныптағы ұл қыздың.
Жұлдыз болып жарқырасам көгім-

де,

Мақтан болам мынау байтақ елім-
де.

Қадыр Иманали мен едім,
Окумен өскен кемелім.
Қына тасқа бітер,
Білім басқа бітер дегендей,
Аламын білім тереңін.

Мен — Малик Айсана біліп қой,
М-ны білу керек қой.
М дегенің мектеп қой,
Еркелікті шектеп қой.

Н әрпі **Нұрболат Елнара** мен деген,
Білім іздеп, оқу оқып терлеген.
Үздік оқу, саналы өріс біліммен,
Айтыңызшы, бәйгеден кім келме-
ген?

Әділ бала мен болам,
Мынау әйбат Әліппе.
Әріптерді басқарған,
Мені жақсы көретін,
Әжем менен әкем де,
Ә әрпінен басталған.

Серікбол Абдулла мен едім,
Мен біріншіде жүргенде.
Бағындырдым білім тереңін,
С әрпінен басталған.
Серікбол деген тегім де
Сәлем жолдаймын сіздерге!

«Р» дегенің **Рахима** балаңыз.
Қуанышпен айналаға қараңыз.
Риза болсын біліміңе балдырған,
Еліміздің игілігіне жараңыз.

И әрпі кездеспейді бекерге,

Есімдерден іздесеңіз егер де.
Исатай, Иса аталар,
Ильяс, Иманали балалар,
Бәрі **И**-ден басталар.

«Ш» әрпінен басталған,
Шәкәрім балаң мен болам.
Шыншыл, шебер, шыныққан,
Шынайы шаруа тындырған.

«Д» әріпі бар менің Айдар есімімде,
Әріптерден қаламба мен қалыс.
Достарыма тілейтінім – алдымен,
Денсаулық пен мол табыс.

Жаны жаздай **Жансұлтанмын**,
Келешекке бой түзеттім.
«Ж» әрпінің кереметін,
Кітапты тек серік еттім.

«Е» әріпінен басталы тегім менің,
Ермұратқызы Ақнұр мен боламын,
елім менің.

Оңай емес оқу оқып, меңгерген,
Озып келем мені алға сермеген.
Ұстазымның еңбегі деп білемін,
Озық ойлы болшы сен деп сендірген.

3-оқушы:

Мен — қазақ, қазақпын деп мақта-
намын,

Ұранға Алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтана-
мын?

«Қазақ биін» биін қарсы алайық!

Қазақ биі орындалады.

4-оқушы:

Мен, қазақпын, мың өліп, мың ті-
рілген,

Жөргегімде таныстым мұң тілім-
мен,

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

5-оқушы:

Мен — қазақпын, биікпін, байтақ
елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мында бір тірілдім мәңгі өл-
меске,

Айта бергім келеді, айта бергім.

«Мен, қазақпын!» әні орындалады.

6-оқушы:

Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-
пәл кем бұра,

Нағыз қазақ — қазақ емес,

Нағыз қазақ — домбыра, - дей келе,
оқушылардың орындауында әсем
күйді қарсы алыңыздар.

«Зеңгір көктем» күйі орындалады.

7-оқушы:

Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыз-
дар!

Шәкіртке шындай биік алыпсыз-
дар.

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған
Күндей боп күлімдеген жарықсыз-
дар, - дей келе ортамызға алғашқы
ұстазымыз Салтанат Әділжанқызын
шақырамыз.

**Салтанат Әділжанқызы сөз сөйлей-
ді.**

**«Ардақты ұстазым!» әні хормен
орындалады.**

Көрініс: Орындықта оқушылар
отырады, қалған оқушылар айналып
тұрады. Салтанат апай тақтаға жазып,
балалардың басын сипап бағалап жа-
тады.

8-оқушы:

Бүгін міне жақсы күн жарқыраған,
Көңілдер қуаныштан сарқыраған.
Қоштасатын күн келді Әліппемен
Қиындау болып тұр ау бүгін маған.

9-оқушы:

Кеше ғана алдыма келген еді,
Именіп ұлы ұяға енген еді.
4 ай бойы сусындап біліммен,
Ұшатын қанат қағып келді кезі.

**«Біздің қызыққа толы 4 ай» атты
бейнебаян тамашалау.**

10-оқушы:

Әрқашан дос, біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Ілгері жүріңдер,
Достық жырын біліңдер.
Ту ғып ұстап бірлікті,
Еңбекті сүйіндер.
Ортада украин биін қарсы алайық!
«Украин биі» орындалады.

11-оқушы:

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.

12-оқушы:

Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй, - дей келе,
Иманали екеулеріміздің күйлерімізді
қабыл алыңыздар.

«Ата толғауы» күйі орындалады.

Ағылшын тілінде көрініс.

13-оқушы:

Қош бол, құтты әліппем!
Көп нәрсені үйреттің.
Таныстырып әріппен,
Тақылдатып сөйлеттің.

14-оқушы:

Сөйледі олар тіл бітіп,
Небір қызық сырларды.
Тыңдай бердім мен жұтып,
Тіл біткен тақпақ жырларды.

15-оқушы:

Ашыла берді алдымнан
Кең дүние есігі.
Соғылған сомадап алтыннан
Әліппе — білім бесігі.

16-оқушы:

Қош бол құтты әліппем
Тіл тұсауын кестің сен
Аялы анам болып сен
Айыбымды кештің сен

Бастарына магистр қалпағын кию.

Әліппе: Жарайсыңдар, балалар!
Сендер оқуды да, жазуды да, тіпті
өнерлерінді де толықтырып үлгеріп-
сіндер. Сендер нағыз оқушы болып-
сыңдар. Оқушы — ол үлкен міндет.
Оқушы антын қабылдауға дайынсың-
дар ма?

- Иә!
- Әрқашан тәртіпті болуға
- Мұғалімді сыйлауға
- Мектеп ережесіне бағынуға
- Үй тапсырмасын орындауға
- Ата-ананың үмітін ақтауға
- Достарыңды сыйлауға
- Жерінді қорғауға
- Елінді сүйуге
- АНТ ЕТЕМІЗ!

Ендеше сендермен бірге «Білім
шырағын» жағайық.

Білім шырағын жағу.

Сендерге қарап тәнті болдым. Ал
енді мен сендермен қоштасайын. Ме-
нің досым Ана тілін ренжітпей оқын-
дар деп ендігі «Ана тілі» оқулығын та-
быстаймын.

(Ана тілін сыйлау)

Кір шалмасын беттерін,
Таза болсын оқулық пен дәптерің!
Оқығандарың есте болсын,

Күнделіктерің 5-ке толсын! - деп,
сендерге «5» алуға күш беретін си-
қырлы алма беремін. Қабыл алыңдар!

**(Әліппені қолынан ұстап шығарып
салады)**

«Мектебім» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Балалардың есімі әулеттерге тара-
лар,

Ырым етіп сондықтан кештің со-
ңына,

Ақ тілекпен баршаға тілек айтар
қонақтар, - дей отыра, енді мектебі-
міздің директорына құттықтау сөзі
беріледі.

2-жүргізуші:

Мұнда біреу жымияды қызына,

Мұнда білеу ақыл айтар ұлына.

Мұнда біреу сөз сөйлейді жараса,

Мұнда біреу елтіп отыр жырыма

Ол кім десең,

Қуаныштан езулерін жымиған,

Ол — ата-ана, әлемдегі сыйлы адам,

- дей келе, сөз кезегін ата-аналарға
береміз.

Хормен:

Мектебің мынау класың,

Осында 10 жыл тұрасың.

Тарыдай болып кіресің,

Таудай болып шығасың, - деп осы-
мен «Әліппе, саған мың алғыс» атты
кешіміз аяқталды! Назар қойып тың-
дағандарыңызға рақмет!

Салтанат

Адилжановна

БЕРДИБАЕВА,

**«Зердеш» зияткерлік мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.**

Бостандық ауданы,

Алматы қаласы.

XXI ғасыр көшбасшысы

Асель
Нильдибаевна
ДЖУМАГУЛОВА,
«Зердеш»
зияткерлік мектебінің
бастауыш
сынып мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.

1-жүргізуші:

Мінекей залда тыныштық,
Естілмейді дыбыс түк.
Мұны біз де қоштаймыз,
Кешіккендерді тоспаймыз.
«XXI ғасыр көшбасшысы» сайысын
біз бастаймыз.

2-жүргізуші: Армысыздар, құрметті
ұстаздар мен оқушылар және ойынға
қатысушы сайыскерлер!

1-жүргізуші: «Тәуелсіз ел тірегі — білімді ұрпақ», «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп халқымыз бекер айтпаса керек. Бүгінгі біздің мектебімізде өткелі отырған «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысына қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

Шын жүйрік шабысынан танылады,
Қатты білім, терең ой саналады.
Баға берер әділ қазы ортамызда,
Сіздерге құрметпен қол соғылады.
Қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің жауаптары кәміл шықты,
Білім мен тапқырлардың сайысында,
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты.

(Әділ қазылар мүшесімен таныс болыңыздар)

1-жүргізуші: Бәйгеге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма?
Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие-тәлім табар мән.
Бұл бәйге ойдың бәйгесі,
Кім жүйрік ойға сол алда, - дегендей, ой мен білім жарысына қош келдіңіздер! Сайыскерлермен таныс болындар.

Олар 1 «а» сынып оқушылары: ...

1 «ә» сынып оқушылары: ...

Бірінші «Бәйге» кезеңінде берілген сұрақтарға жауап берген әрбір оқушыға текшелер беріледі яғни, әрбір дұрыс жауапқа бір ұпай дегенді білдіреді, осы текшелер арқылы бүгінгі XXI ғасыр көшбасшысы ойынының қатысушыларын іріктейтін боламыз.

1-жүргізуші: Енді сайысымызды бастаймыз. Сайысымыз 6 турдан тұрады:

1. Бәйге; 2. Жорға; 3. Полиглот; 4. Білімпаз; 5. «Сөз ойла, тез ойла»; 6. «Жас қалам».

I тур — «Бәйге».

2-жүргізуші: Білім деген биік шын,
Бақытқа сені жеткізер.
Білім деген ақылшын,
Қиындықтан өткізер, - деп білімді сарапқа салар сәтті бастайық.

Шарты:

1. Мұнда барлық сайыскерлерге ортақ мектеп бағдарламасынан сұрақ беріледі.

Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай.

1. Дыбыстар нешеге бөлінеді, атап бер. (Дауысты, дауыссыз);

2. ҚР Президенті күні қай күн? (1 желтоқсан);

3. Төрт түлік малды атап бер. (Жылқы, сиыр, қой, ешкі)

4. Отбасы мүшелері кімдерден құралады? (Ата, апа, әке-шеше, балалардан)

5. Әуе көліктеріне нелер жатады? (Ұшақ, тікұшақ, т.б.)

6. «Бір қазан сүтті пісіріп суытуға үйдің іргесіне қойып едік, енді бір қарасақ, қаспағы да қалмапты!», мәтіннің тақырыбы қалай аталатын еді? («Бір қазан сүт»)

7. Мақалдың жалғасын тап.

Отан — ... (оттан да ыстық);

8. Оқусыз білім жоқ, ... (білімсіз күннің жоқ);

9. Оқу — білім бұлағы, ... (білім — өмір шырағы);

10. Оқу түбі — ... (тоқу);

11. Оқу — ... (инемен құдық қазғандай);

12. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің авторы кім? (Ы. Алтынсарин);

13. Сөйлемнің соңында қандай тыныс белгісі қойылады? (Нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі, көп нүкте);

14. Қажымұқан сөзі неше буынға бөлінеді? (4);

15. Сөйлем неден құралады? (Сөйлем мүшелерінен);

16. Ешкі атасын көрсет А) Шопаната; Б) Сексеката; С) Зеңгібаба.

17. Сиырды қалай шақырады? А) Көс-көс; Б) Құрау-құрау; С) Аухау-аухау.

18. Түйе не істейді? А) Мөңірейді; Б) Боздайды; С) Маңырайды.

19. Орман емшісі деп қай құсты айтады? А) Торғай; Б) Тоқылдақ; С) Қайшыауыз.

20. Жылқының сүті қайсысы?

А) Шұбат; Б) Қымыз; С) Боза.

21. Қой атасын ата: А) Шопаната;

Б) Сексеката; С) Қамбарата;

18. Тасымалдауға болмайтын сөздерді көрсет: А) Дала, қала, құлын;

Б) Мереке, береке; С) Қант, от, сүт.

19. Кім? Не? сұрақтары нені білдіреді? А) Заттың қимылын; Б) Заттың атын; С) Заттың сынын.

Бүгінгі ойынымызда көп ұпайға ие болған оқушыларымызды ортаға шақырамыз.

1-ойыншы — болашақта журналист болуды армандайды және ол арманына жету үшін бар күш жігерін аямайды.

2-ойыншы — өскенде халқына адал қызмет ететін полиция қызметкері болуды армандайды.

3-ойыншы — заң қызметкері боламын деген ойы бар.

4-ойыншы — эколог болып, Қазақстанды гүлдендіремін дейді.

5-ойыншы — әлемге әйгілі ұшқыш болғысы келеді.

6-ойыншы — экономист болуды армандайды.

7-ойыншы — болашақта ұстаз болуды армандайды.

8-ойыншы — болашақта дәрігер болғысы келеді.

II тур — «Жорға».

Мұнда берілген сұрақтардың жауабы үш нұсқада беріледі, дұрыс жауабын айтамыз, алдарыңда берілген бас-

қышты кім бірінші болып басады сол оқушы бірінші жауап береді.

Қазақ алфавитіндегі әріптер санын көрсет. А) 40; **Б) 42**; В) 38;

2. Қай сөзде қате кеткен? А) **Қариа**; Б) Қария, қалам;

3. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? А) 2; **Б) 3**; В) 4;

4. Алғаш мектеп ашқан кім?

А) Ы. Алтынсарин; Б) Ш. Уәлиханов; В) Абай;

5. Табиғат нешеге бөлінеді? А) 4; **Б) 2**; В) 3;

6. Аспанды бұлт торлағанда не жауады? **А) Жаңбыр**; Б) Қар;

7. Қай сөзге -лар жұрнағын жалғауға болады? А) Кітап; **Б) Тау**; В) Жазық;

8. «Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, ауызында тістеген шөбі бар» - бұл қай мәтіннің үзіндісі? **А) «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»**; Б) «Өркеш»; В) Қожанасырдың тойға баруы;

9. Тоғыздың құрамын ата: А) 5 пен 2; Б) 6 мен 1; **В) 5 пен 4**;

10) Дұрыс буынға бөлінген буынды тап.

А) Жа-пы-рак; Б) жап-ырак; В) жапыр-ақ;

III тур – «Полиглот».

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ғылым біл» дегендей, өз ана тілімізбен қоса орыс, ағылшын тіліндегі білімдеріңіз сараланады.

1. Алыстан қарасаң, аппақ,

Татып көрсең, тәтті-ақ. (Қант, сахар, sugar);

2. Жұдырықтай қызыл шар,

Тілді үйірген шырын бал. (Алма, яблоко, apple);

3. Бұл үйге көзсіз боп басынды сұғасың,

Бұл үйден көреген болып шығасың. (Мектеп, школа, school);

4. Кең әлемді кернейді,

Көзің бірақ көрмейді. (Ауа, воздух, air);

5. Қазақтардың қасиетті саны ... (Жеті, семь, seven);

6. Кеудесінде жаны жоқ,

Тамырында қаны жоқ

Май жейді, су ішеді. (Көлік, машина, car);

7. Мамықтай ұлпа, қанаттай ақ,

Қыста жер бетін басады,

Жазда сайға қашады. (Қар, снег, snow)

8. Сөзі дана, үні жоқ,

Сөйлемейді тілі жоқ.

Қолына алсаң шешен,

Ақылы асқан көсем. (Кітап, книга, book)

2-жүргізуші: Әділ қазылар есептеп ең аз ұпай жинаған 2 ойыншыны атайды. Оларға өмірде сәттілік тілеп, қош айтысамыз. Ойында жеңілгендеріңмен, өмірде жеңілмендер.

IV тур – «Білімпаз». Бұл сайыста негізгі 4 пән бойынша сұрақтар беріледі.

1. Математика:

1. Азайту амалының компоненттерін ата? (Азайғыш, азайтқыш, айырманың мәні);

2. Геометриялық пішіндерді ата? (Тіктөртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек, көпбұрыш);

3. Ең үлкен бір таңбалы санға бірді қоссақ неше шығады? ($9+1=10$);

4. Әлібек 1 күнде 1 ертегі оқыды. Ол 1 аптада неше ертегі оқыды? (7);

5. Бейнесұрақ: Тыныс алу жаттығуларын көрсет. (Баяу, үзіп, жылдам);

2. Қазақ тілі:

6. Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді, олардың түрлері? (Жуан, жіңішке);

7. Артикуляциялық жаттығуларының түрлерін атап көрсетіп бер. (Атшабыс, күрекше, тәтті тосап, саңырауқұлақ);

8. Сағат сөзінде неше дыбыс неше әріп бар? (5-5);

9. Жұмбақты шеш:

Өзім сөзден тұрамын

Біткен ойды құрамын. (Сөйлем);

10. Бейнесұрақ: Леген, шәйнек, табак, кесе бұларды бір сөзбен айтқанда не деп атайды? (Ыдыс-аяқ);

3. Дүниетану:

11. Өсімдік бөліктерін ата? (Тамыр, сабақ, жеміс, гүл, тұқым);

12. Дені сау адамның тамыры 1 минутта неше рет соғады? (60-80 рет);

13. Адамның есту мүшесі? (Құлақ);

14. Құстар несімен ұшады? (Қанатымен);

15. Бейне сұрақ: қол, бас, аяқ, көз, құлақ, бұларды бір сөзбен не деп атайды? (Адамның дене мүшелері);

4. Ана тілі:

16. Қазақтың көрнекті ақыны, жазушы, тұңғыш ағартушы ұстаз. Қостанай облысында туған. Қазақ балаларына арнап мектеп ашқан кім? (Ыбырай Алтынсарин);

17. Абайдың әжесінің аты кім? (Зере);

18. Бата дегеніміз не? (Той-жиында, дастархан басында айтылатын тілек түрі);

19. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін оқып бер.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан!

20. Бейне сұрақ: ҚР астанасы қай қала? (Астана).

V тур – «Сөз ойла, тез ойла» сайысына да келіп жеттік. Мұнда сендерге әріптер беріледі, сол әріпке байланысты берілген сұраққа жауап қатасыңдар. Мысалы: С әрпі болса, с-дан басталатын жауаптар беріледі.

Сенің атың кім?

Сен нені армандайсың?

Қайда барасың?

Сен не ұнатасың?

Мектепке немен келесің?

Демалыста қайда боласың?

10. Достарыңа тілек

2-жүргізуші: ең аз ұпай жинаған 2 ойыншы шығады.

1-жүргізуші:

Бойларыңда от бар екен байқадым, Жүректерде шок бар екен байқадым.

Әрқашанда осы өнерді сөндірмей, біліміңмен шарықтай бер әрдайым.

VI тур – «Жас қалам».

Келесі кезекте 2 жеңімпаз берілген сурет бойынша сөйлем, мәтін құрайды.

1. Наурыз мерекесі бейнеленген сюжетті суретті әңгімелеу.

2. Көктем мезгілі бейнелеген сюжетті суретті әңгімелеу.

1-жүргізуші: Келесі сөзді әділ қазы алқасына береміз.

Қорытынды: оқушыларға арналған марапаттау қағаздарын салтанатты түрде ұсыну.

Жапп әдеттерден сақтан



**Асем
Муталиповна
ДЖУПТЫБАЕВА,
«Зердеш» зияткерлік
мектебінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Мақсаты: оқушыларды жат әдеттерден, ішімдік, нашакорлық, шылым шегушіліктен сақтандыру, денсаулыққа зияндылығын түсіндіру. Салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу. Тазалыққа, сұлулыққа баулу.

Түрі: сайыс сабақ.

Әдісі: түрлі тыйым сөздер мен мақал-мәтелдер, сахналық шағын көріністер арқылы оқушыларға ой салу.

Барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі. Сынып 2 топқа бөлінген.

Сайыс жоспары: Кіріспе сөз.

1. «Таныстыру» (әр топ өз төсбелгілерін, ұранын, атын таныстырады);

2. «Денсаулық – зор байлық» (зиянды әдеттерге байланысты өлең шумақтарын айту);

3. «Жарнама» (көрініс);

4. «Тәні саудың жаны сау» (зиянды әдеттер тақырыбындағы сұрақтарға жауап беру);

5. Қорытынды.

1. Кіріспе. Сұрақтар:

1. Зиянды әдеттерге нелер жатады?

2. Зиянды әдеттермен шұғылданып отырған адамдарда қандай өзгеріс байқалады?

3. Темекінің құрамында (нелер), қан-

дай заттар кездеседі?

Темекінің зияны.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегі бойынша 1997 жылы темекіден 3 миллион адам қайтыс болған, бұл көрсеткіш жыл сайын 33 пайызға өсіп отырған. Лұқпан хакім ерекше дарынды, зерек болыпты. Соның қалдырған жеті өсиеті бар екен:

1. Ерте тұру;
2. Орта тазалығын сақтау;
3. Дене шынықтыру;
4. Үнемі денені таза ұстау, ыңғайлы киіну;
5. Үнемі сергек жүру;
6. Артық тамақ ішпеу;
7. Көп ұйықтап, жалқау болмау.

Осылардың барлығы денсаулықты сақтандыру негізі болып табылады.

I кезең. «Таныстыру».

I топ: «**Тазалық**». Ұраны: «**Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі**». Төсбелгіміз – көк түсті, аспан бейнелі, ортасында медициналық көмек көрсету белгісі, яғни адам әрқашан денсаулығын сақтап отыруы қажет. Ақ түс – ақ халат киген жандар белгісі.

II топ. «**Денсаулық**». Ұраны: «**Денсаулық – зор байлық**».

Төсбелгіміз – жасыл түсті көк шөп, табиғат бейнесі. Өмірде бірінші орында болғандықтан адам бейнесін алдық. Адам – тіршілікті игеруші және құрушы. Сондықтан адамның денсаулығын сақтау қажет.

II кезең. «Денсаулық – зор байлық».
5 жолды өлең.

Әр топ өз өлең шумақтарын айтып

жарысады.

III кезең. «Жарнама». Әр топ оқушылары маскүнемдік, шылым шегуге, нашақорлық тақырыптарына байланысты көрініс көрсетеді.

«Тазалық» тобы: «Шылым шегудің пайдасы» тақырыбында көрініс көрсетіледі.

«Денсаулық» тобы:

Ерте, ерте, ертеде,
Дәл қазіргідей заманда.
Айбек деген баланы,
Еркелетіп өсірді.
Сұрағанын әперді,
Оқу деген ойда жоқ.
Өсе келе ол бала,
Жамандыққа бойлады.
Өз бойына жолатты,
Есірткі деген пәлені.

1-оқушы:

Керек емес, үйретпе,
Оқымаймын ереже.
Еркесімін әкемнің,
Кенжесімін атамның.
Қалтам толы ақшаға,
Ауырмайды басым басқаға.
Тыныш еді өмірім,
Көріп сені өзгердім.
Сүйіп сені көңілім,
Жұлдыздарға тең келдім.
Сөз таппаймын айтуға,
Сені ойға алғанда.
Түсімде де жүрсің ғой,
Темекі мен есірткіні ұсынып.

(Музыка қосылып би биленеді. Ысқырықпен балалар дискотекаға шығады, бала билеп жүріп құлайды)

Дәрігер:

Тамырын умен суарып,
Инемен таза дененді.
Тесуге неге келістің?
Көк түтінмен уланып,
Ащы суды неге іштің?
Төсекке асыл азамат,

Аурумын деп құлайсың.

Дәрігерді мазалап,
Не үшін енді жылайсың?

2-оқушы (жолдастары):

Бұл тірлікте не тындырдың, не көрдің?

Құрбанысың ЖҚТБ деген кеселдің.
Ақталмай-ақ кетіп барады арманы,
Жалғыз бала деп өсірген әкенің,
Кім кінәлі аялаған анаң ба?
Бар қажетті даярлаған қоғам ба?

Анасы:

Мен еркелетіп өсірдім сені, балам,
Сен ешқашан таршылық көрмедің.
Сен еркелеп менің жанымды жұбатқан,

Сен жалғанның жырларын,
Жаттатқан жалықпай, балам,
Сен ботақаным, сол өмірді ұнат-

тың.

Өмірімнің гүлі едің,
Сағынып сені жүрегім,
Жолына қарап жүремін.
Қатемді білемін, сеземін, балам.
(Әкесі баласын көтеріп сахнадан шығып кетеді)

3-оқушы: Жас жеткіншек!

Өздеріңе айтып кету — борышым.
Ауырсаңдар бұл кеселмен,
Дәрігер де бере алмайды қол ұшын,
Жат әдет пен темекіге,
Жоламаңдар сол үшін!

4-оқушы:

Есірткі жойылсын,
Ішімдік құрысын.
Дені сау қазақтың,
Ұрпағы көбейсін.
Мәдениет өркендеп,
Табиғат көркейіп,
Қазақтың сымбатты,
Ұл-қызы көбейсін!

IV кезең. «Тәні саудың, жаны сау»
(зиянды әдеттер тақырыбындағы сұрақтарға жауап беру)

V кезең. Қорытынды.

Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді

Мақсаты:

Білімділік: оқушылардың адамгершілік тәрбиесінен білік-дағдыларын қалыптастыра отырып, осы бағытта өзге елдің салт-дәстүрлерімен таныстыру;

Дамытушылық: жалпы адамгершілік қасиеттерін дамыту, осы сабақтағы әдістердің бірі — тіл дамытушылығына баса назар аудару. Нақыл сөздердің мағынасына, тәрбиелік жақтарынталап, саралау;

Тәрбиелілік: адамгершілік тәрбиеге тоқталу арқылы оның ішінде алғашқы сәлемдесу әдебінің маңызын аша отырып, адамшылық қасиеттерді қалыптастыру.

Түрі: аралас.

Көрнекілігі: әр түрлі үлгі сөздер, слайд, кітапшалар (көріністер, оқушылар көмегімен).

Жоспары:

I. Кіріспе. Сәлем — сөздің анасы;

II. Әр елдің салты басқа (амандасу түрлерін айтып көрсету);

III. Жақсы сөз — жан азығы.

1-оқушы: Қай халық болмасын, қай ел болмасын, бір-біріне жылы мейірмен кеңпейілділікті, достықты, өзара жақындықтарын білдіріп, амандық-саулық сұрасып, өзінің аман екендігін білдіруі — сәлемдесуінде.

2-оқушы: Ендеше, біз бүгінгі «Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді» атты ашық тәрбие сағатымызды Абай атамyzдың өлеңімен бастауды жөн көрдік.

3-оқушы:

Кең дәурен, қызық дәурен тату өткіз,

Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз.

Күншілдіксіз тату бол, шын көңілмен,

Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.

Бір жерде бірге жүрсең, басың қосып,

Біріңнің бірің сөйле, сөзін тосып,

Бірінді-бірің қадыр тұт, құрмет етіс.

Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

4-оқушы:

Мен жолымды берейін, өт, қарағым, Несін күттің, несіне көп қарадың?

Анасының бергенін саған берген,

Аруағынан айналдым текті ананың.

Жалған-ай, жарасымды-ау ізет деген,

Иілген «сіз өт» пенен «біз өт» пенен.

Қасиетін халқының сыйламайды,

Атасының дәстүрін күзетпеген.

«Сәлем, саған туған ел» әні орындалады.

5-оқушы: Амандасу адамгершіліктің, әдептіліктің бір белгісі болып табылады.

6-оқушы: Сәлемнің сәлемдесу, сәлем беру, сәлем қылу сияқты көптеген түрлері бар.

7-оқушы: Сәлемдесу — кездескен адамдардың бір-бірінің амандығын біліп қуанышқа бөленуі. Бір-біріне аман-саулық тілеп, тілектестігін, ниеттестігін білдіру, әдептілік пен ізеттілік нышанын көрсетіп жақсылыққа жарылқауы.

8-оқушы: Әрбір адам «Қайырлы таң», «Қайырлы кеш» деген сөздерді амандасуға қосып айтады.

9-оқушы: Үлкен адамға сәлем беру – кіші адамның міндеті. Қазақта «Алыстан алты жасар бала келсе, ауылдағы алпыс жасар қария сәлем береді» деген әдеп бар.

10-оқушы: Жасының үлкендігін міндет етпей, алыс жол жүріп келген немесе ауылға алғаш рет ат басын тірегін адамға үлкен адамдар өзі келіп сәлем береді.

11-оқушы:

Алдымыздан кезіккен,
Көп танысты көреміз.
Бәріне де ізетпен,
Біздер сәлем береміз:

Хормен: Ұл-қыз сәлем береміз, өнегелі өренбіз.

12-оқушы: Мысалы, Орта Азиядағы туысқан түркі халықтары барлық мұсылман елдеріндегідей, «Ассалаумағалейкум» деген араб сөзімен амандасады, ол «Сізге Алланың нұры жаусын» дегенді білдіреді, оған жауап, яғни, сәлемді алу ретінде айтылатын «Уағалейкум ассалам» сөздері «Алланың рақым нұры сізге де жаусын» дегенді ұқтырады.

13-оқушы:

«Әссалаума әлейкум» - деп дидаһ несіп еткенде,

Қол алысып, көңілденбес жоқ пенде.

Күн нұрындай сәлеміне адамның,
Бұл дүниенің ғанибеті жеткен бе!

«Ассалаумағалейкум» әні орындалады.

II. Әр елдің салты басқа (амандасу

түрлерін айтып көрсету).

14-оқушы: Балалар біз қандай елдерді білеміз? Орыс, ағылшын, қытай. Әр елдің өзіне тән діні, тілі, салт-дәстүрі, өзіндік ерекшеліктері бар. Ендеше сол елдердің бір-бірімен қалай сәлемдескеніне куә болайық.

Ұлттық билерден көрініс.

IV. Жақсы сөз – жан азығы.

1-топ «Имандылық» орталығы;

2-топ «Өнер» орталығы;

3-топ «Шығармашылық» орталығы.

«Имандылық» орталығы сәлемдесу, хадистер туралы айтады.

15-оқушы: Сәлемдесе білген адам иманды. Ислам діні сәлем беруді, рұқсат сұрауды шарифатқа енгізген. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) хадис шарифтерінде: «Бір-біріңмен сәлемдесіп жүріңдер, сонда ғана араларыңда мейірім-махаббат оянады», «Өзіңе кезіккен жасы үлкендерге сәлем беріп, амандас. Оны тану-танымауың шарт емес. Ол достықты арттырады әрі адамдығыңды анықтайды», «Сәлем – Алланың жердегі есімдерінің бірі» дейді.

- Ендеше, «Өнер» орталығының көрінісін тамашалайық.

Көрініс «Аталар өсиеті»

Орындаушылар: Жігіт, 1-қарт, 2-қарт, 3-қарт.

Жақсы қасиеттерді бойымызға сіңіріп, тәлім-тәрбие берген ата-әжелерімізге арнаймыз.

«Асыл атам, ақ әжем» әні орындалады.

«Шығармашылық» орталық.

Мақал-мәтелдер. Нақыл сөздер, тақпақтар жазып кітапша шығарады.

«Қуыршақтар» биі орындалады.

V. Қортынды жасау.

Сәлемдесу ынтымақ, бірлікке шақырады. Адамдықтың белгісі сәлемдесу екенін ұмытпайық. Сәлеміміз түзу болсын! Сәлемдесер адамымыз көп болсын!

Ұлпан КЕМЕШ,

«Зердеш» зияткерлік мектебінің
география пәні мұғалімі.

Бостандық ауданы,
Алматы облысы.

Ізгілік — игілік баспауы

Мақсаты: оқушылардың өмірге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту, өмірдің мәні туралы ой пікірлерін ортаға салу. Өмірге жақсы көзқараспен карауға, қадірлей, бағалай білуге тәрбиелеу, өмірден өз орындарын таба біліп, айналасына қуаныш сыйлай білуге үйрету.

Өтілу түрі: ойталқы.

Көрнекіліктер: өмір туралы қанатты сөздер, суицид туралы суреттер.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру;

II. Қызығушылықты ояту.

Кіріспе сөз: Ойланайық, пікірлесейік, өнерді ортаға салайық; Жағдаяттар; Сахналық көрініс «Қария мен бала»; «Мен өмірге ғашықпын» оқушы шығармашылығы; Жүректен жүрекке; Қорытынды.

Көркем сөз. А. Балабатырұлы «Өмір деген...» өлеңі оқылады.

Өмір дегеніміз не? Оның қандай құндылықтары бар.

Жауабы: Өмір дегеніміз — баға жетпес асыл зат. Өмірді дүниеде еш нәрсемен салыстыруға болмайды. Өмір әрқашан өз бағытымен енеді. Өмірді қалай өткізуімізді өзіміз білеміз, өз еркіміз. Өмір өзен болса, ағысқа қарсы емес. Өмір дегеніміз — баға жетпес бақыт. Өмірге келген әрбір адам соны лайықты өткізу керек. Өмір дегеніміз — адамның шыр етіп дүниеге келгенінен о дүниеге өткенге дейінгі аралық. Сол аралықта пенденің қуаныш-қайғысы, демалып, тіршілік етуі, жақсылығы мен жамандығы, яғни бір сөзбен айтқанда сол ортаға қалыптасуы. Өмірдің өзі өзен бір ағынмен жүріп отырады. Бірде асу-толқындар кездессе, бірде жайшуақ күндер болады.

Өмір дегеніміз — Алла тағаланың бізге берген сыйы, бір мүмкіндігі. Өмір кейде жұмсақ, кейде қатал болады. Бірақ адам өмірге қайталап келмейді. Әрбір қиындықтармен күресе білу керек. Өмір дегеніміз — адамға бір-ақ рет

берілетін баға жетпес тәңірдің сыйы. Осы өмірін әркім әрқилы өткізіп алады. Өмірдің әрбір сәтін мәнді де, сәнді де өткізу керек.

Көркем сөз «Үш өлшем».

Өмір деген тұрмайды: қап-қарадан,
Өмір деген тұрады: ақ-қарадан,
Ақ-қара, екі арасын ашып өтіп,
Арымен өз бақытын тапқан Адам!

Ақын «АҚ» және «ҚАРА» деп нені меңзеп отыр? Қай уақытта адам өмірі «аққа» толы болады? Адам өз бақытын табу үшін не істеу керек? Адам баласы не үшін өмір сүреді? Өмір деген несімен қымбат? Сенің өмірдегі мақсатың қандай? Өмірдің мәнін түсінуге ұмтылу қаншалықты қажет?

«Өмір жолы» әні орындалады.

VI. Төменде берілген жағдаяттарды сен қалай шешер едің. Осы баланың қабылдаған шешімі дұрыс деп ойлайсың ба? Дәлелде.

Жағдаяттар:

1-топ. Ата-анасы ішімдікке салынған. Үйінде өмір сүруге жағдай жоқ, қара нан мен қара шайдың өзі сирек кездеседі.

2. Ата-анасынан айырылған. Отбасында жетекшілері жоқ. Өмір сүрудің жолын білмейді. Өлімнен басқа жол жоқ деп ойлайды.

3. Тірлігі басқалардан төмен. Жұртпен бірдей киініп, ойнап күле алмайды. Достарымен бірге жүрмейді. Осыны өзінің кемшілігі деп санайды. Досы жоқ жалғыз қалады. Шешімі қоштасу болады.

Жауабы:

1. Осы балаға берер кеңесіміз өмірден түңілмеуі керек, әке-шешесінің

жолына түспеу керек. Өзінің бар өмірі алда екенін түсініп, өзінің әке-шешесіне ермей, өзінің жақсы өмір сүруіне талпыну керек. Егер әр адам басына түскен қиыншылықты жеңе алмай, өз-өзіне қол жұмсаса, адамзат әуелі құрып кетер еді.

2. Ата-анасынан айырылған адамдар қазіргі заманда өте көп. «Жетім көрсен, жебей жүр» деген сөз бар. Ол өзін ешқашан жетім деп санамауы тиіс. Бұл да өмірдің бір сынағы. Басыңды тік көтеріп, тек қана алға қара. Қиындықтың бәрін өліммен шешуге болмайды. Өзіне жақын адамдарды таба аласың, сондықтан еңбек етіп, өмірде өз орныңды тап.

3. Біздің ойымызша бұл жалғыздық. Жалғыздық тек құдайға тән қасиет. Ол бала өмірдің қызығы тек киініп, ішіп-жеу деп ойлайды. Біз оған өзіне жақын дос табуына тілектеспіз және өзін-өзі бағалай білу керек. Өмір үшін қандай ма болса да қиындыққа тәуелді болмай күресуі керек.

Суреттер бойынша ойтолға.

Берілген суреттер бойынша оқушының өзіндік ой пікірі тыңдалады.

«Өміріңе немқұрайлы қарама» өлеңі оқылады.

Өмір — сенің жарқылдайтын аспаның,

Өмір — сенің сарқылмайтын дастаның.

Қиыншылық түскен кезде басыңа,
Дәл бүгінгі қорған болсын қалқаның.

Қорытынды:

Өмір деген тұрады: таң мен кештен,
Ғұмырлы екі араны жанмен кешкен.

Күпия, жұмбақ, сырлы дүниеге,
Адамдар Армен келіп, Армен көш-
кен.

Өмір деген екі өзен: Мұң — қуаныш,
Толқыны: Шындық — Жалған, Күл-
кі — Намыс.

Бір таяздап өмірде, бір тереңдеп,
Бір лайланып, өмірде бір тұнамыз.
Күн десең де, тірлікті түн десең де,
Өмірде өсімдіктей бүрлесендер,
Жолында жолығатын қос тағдыр
бар:

Жусан — жантақ, гүл — тікен, гүл
мен шеңгел.

Өмір дәмі, екі дәм: ащы — тәтті,
Таңдайына тиеді: жұмсақ — қатты.
Жолында жолығатын екі тағдыр,
Күтеді Адам үшін сын сағатты.
Өмір дәмі — екі дәм: улы — усыз,

Тірлік татып жатады шулы — шусыз.
Кез келіп тағдырына келеді Адам,
Жұмыр жер құрлығында сулы — су-
сыз.

Қолға түспес дүние жұрт таласқан,
Кітап — Өмір парағын құнттап аш-
қан.

Сезінер жүрегімен, жаныменен,
Өмір әр кез ашық күн, бұлт та бас-
қан.

Жүректен жүрекке.

Қорытынды

**Мурат Ескентаевич
ТАСТАНБЕКОВ,**

**«Зердеш» зияткерлік мектебінің
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.**

**Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Адамгершілік – асыл қасиет



**Бекен
РАХЫМБАЕВ,**
**«Зердеш» зияткерлік
мектебінің
дене шынықтыру
пәнінің мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Мақсаты: оқушылардың өмірге қажетті білік-дағдыларын тереңдете отырып, ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрге баулу, сәлемдесу, қонақ күту,

сыйластық, үлкенге құрмет көрсету кішіге қамқор болу тәрізді әдептілік қағидаларын меңгерту арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Барысы:

1-жүргізуші: Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне деген сенімділігі, оның ата-анасы мен басқа адамдар арасындағы сыйластығы, өнегелі, ұстамды, адамгершілігі мол азамат болып қалыптасуында.

2-жүргізуші: Тақырып айтып тұрғандай, біз өзімізбен бірге өзгені де

адамгершілікке, инабаттылыққа, кісілікке, кішіпейілділікке шақырамыз.

1-жүргізуші:

Кішілерді аяла,
Кісілерден аянба.
Адамдығың көрінсін,
Анадай жан саянда.

2-жүргізуші:

Ақылы бар баламыз
Айтқан тілді аламыз.
Намысты боп өссек біз,
Нағыз адам боламыз.

1-жүргізуші:

Ертең, ертең ер жетем,
Ер боламын, күн болам.
Жарқыраған жайнаған
Күн нұрымен бір болам.

2-жүргізуші: Кезекті балғындарымызға берейік.

1-оқушы: Ассалумағалейкум, халайық!

Көшелерден біз өткен,
Ата көрсем
Жақын кеп,
Сәлем берем ізетпен:
«Ассалаумағалейкум»! - деп.

2-оқушы:

Есенсіз бе?
Алдан әже жолықса,
Бөгелем де әдейі
Сәлемдесем сол тұста
«Есенсіз бе, әжей» - деп.

3-оқушы:

Сәлеметсіздер ме?
Кім кезіксе көшеде,
Таныс емес демеймін,
«Аға, тәте, көкеге,
Сәлеметсіз бе?» - деймін

4-оқушы:

Сыйлап сәлем беремін,
Көршілерді көргенде.
Ізетті де білемін
Үйге қонақ келгенде.

5-оқушы:

Бақыт тілеймін, баршаға!

Мейірімді жүрекпен
Бөлісемін бақытты,
Сіздерменен бүгін мен.

6-оқушы:

Күндеріңіз нұрлы болсын!
Күніміз ашық,
Жеріміз кең,
Деніміз сау болсын!

7-оқушы:

Ала таңнан оянып,
Күнмен бірге қуанып.
Біз ауылға ораламыз,
Құшақ-құшақ гүл алып.

8-оқушы:

Қызғалдақтар қырда тұнып,
Жайқалады ырғатылып.
Анамыздай мейірлі күн,
Аймалайды шында тұрып.

9-оқушы:

Алау оты шоктай жайнап,
Бетімізден өбеді.
Шапқылайды алақайлап,
Бізді жақсы көреді.

10-оқушы:

Жалбыр шашым гүл жібегі,
Жайнаң қағып күн күледі.
Кешке дейін бізбен бірге,
Күлім қағып бір жүреді.

«Жас дәуірдің түлегіміз» әні орындалды.

1-жүргізуші: Адамдар арасында бірлік болса, олар ынтымақта тату-тәтті өмір сүреді. Өзара сыйласып, ұйымшылдық көрсеткен кезде ғана бірлікке қол жеткізеді.

2-жүргізуші:

Әкел әпке қолыңды,
Татуласқан орынды.
Өкпелесіп не керек,
Көрсет, қане, соныңды.

1-жүргізуші:

Баққа бірге барайық,
Қол ұстасып жүрейік.
Татулықтың белгісі.
Кел, қосылып күлейік.

Көрініс «Татулық — табылмас бақыт».

«Әкелер әні» орындалады.

2-жүргізуші:

Біз өнерлі баламыз ғой,
Көрсін аға апалар,
Көрсін ана-әкеміз де,
Ырза болсын аталар.

«Әлқисса» күйіне қойылған би орындалады.

1-жүргізуші:

Көңілге түй сен мұны,
Әр бүлдіршін — ел гүлі.
Бақытты елде туғаның,
Есіміңнен белгілі

Балаға жақсы ат қоғанда ата-ана
үлкен арман құшағына енеді. Баласы-
на жақсы ат қоюға тырысады. Жақсы
ат жақсы қасиеттермен байланысты.
Олай болса, кезекті жақсы есім иеле-
ріне берейік.

11-оқушы:

Жасұлан деп атымды,
Қойды үлкен арманмен.
Ел қорғайтын ұлан бол,
Көкке самғар қыран ол.

12-оқушы:

Дарынды болсын баламыз,
Деп ойлады әу баста.
Сол себепті атымды,
Дарын қойды ата-анам.

13-оқушы:

Қарақат — бұл тәтті жеміс баудағы,
Тәттілігі жанды баурап алады.
Қарақаттай тәтті өмір сүрсін деп,
Есімімді Қарақат деп атапты.

Хормен:

Бәрі жақсы есімнің,
Өмірге қуат беретін.

14-оқушы:

Еңлік деген сұлу қыздың есімі,
Сұлу қыздар еліміздің еркесі.
Ерке қыздар еліміздің сәні ғой,
Сәнді есім өмірімнің мәні ғой.

15-оқушы:

Сенім артқан ата-анам,
Мен боламын Аслан.
Көп істерде топ жарған,
Жаны таза асыл жан.

2-жүргізуші:

Әрбір іске жауапты,
Бала болам талапты.
Ата тілін алатын,
Бала болам салмақты.
Бұдан бұлай мен енді,
Емеспін жәй балақай.
«Рахмет» деп айтамын,
Жақсы істерге әрқандай.

«Рахметті не үшін айтады?» деп аталатын көрініс көрсетіледі.

1-жүргізуші:

Әнге қосып шырқайық,
Ертегілер әлемін.
Құпиясын ашайық,
Сырлы сұлу ғаламның.
Ән саламыз күнде біз,
Шаттық толы іргеміз.
Біз мәңгілік достармыз,
Біз мәңгіге біргеміз.

2-жүргізуші:

Үлкенге иман керек,
Кішіге иба керек.
Адамдар бірін бірі,
Құрметтеп, сыйлау керек.

1-жүргізуші:

Жастарға білім керек,
Бәрін де білу керек.
Азамат болсаң — алғыр,
Анашың: «күнім!» - демек.

Екеуі бірге 1-2 жүргізуші:

Сол үшін талмау керек,
Биікке самғау керек.
Бойыңа бар жақсыны,
Барынша жинау керек.
Мейірімді жүрекпен,
Бөлісейік бақытты.
Ақ ниетпен шын тілеп,
Аяқтаймыз ізгі істі.



Нұрғанат ҚАСЫМХАНҰЛЫ,
М. Дауленов атындағы мектеп-интернатының
6-сынып оқушысы.

Жетекшісі:

Назигул Сайлауовна ҚАНАПИЯНОВА,
М. Дауленов атындағы мектеп-интернатының
тәрбиешісі.

Зайсан қаласы,

Шығыс Қазақстан облысы.

Желтоқсан ызғары

Желтоқсанда ызғар болды, боран болды,
Дүрліккен алаңда көп қоғам болды.
Көп әскер жастарды қаумалаған,
Қаруланған түсі суық адам болды.

Желтоқсанда алаңда халық тұрды.
Жалындаған көп жастар жанып тұрды.
Билігіне орыстың наразы боп.
Қазақ елін әлемге жарық қылды.

Желтоқсанда ызғар болды, боран болды,
Қара халық жүрегі қанға толды.
Таба алмай жастарым азат жолды,
Жүрек солды, Қазақтың жаны тонды.

Қыршын болып кетті олар, қырғын болды,
Білмеді ешкім шынымен тура жолды,
Азаттықты аңсады жас жүректер,
Білмесе де әлі де оң мен солды.



Шахназ ЗАКАРИНА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған мектеп-
гимназия-интернатының 10 «Ә» сынып оқушысы,
«Жас қаламгер» үйірмесінің мүшесі.
Батыс Қазақстан облысы.

Өз құқығымызды қорғай білейік!

Қазақстан Республикасы — егеменді, тәуелсіз, зайырлы, құқықтық мемлекет. Қоғамның басты тірегі, сақтаушы күші де — құқық. Құқық-жалпыға ортақ қоғамдағы тәртіп жиынтығы, ол адам мүдделерін қорғап, азаматтың еркін өмір сүруіне негізделеді.

Қазіргі таңда әрбір баланың, әйелдің, азаматтардың, т.б. құқығы қорғалған. Әсіресе, біздің елімізде басты назарға балалар құқығы қаралған. Мемлекет президенті 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған болатын. Бала құқығы — балалардың заң алдындағы мүмкіндіктері мен шектеулері. Мемлекет үшін жасөспірімдерге құқықтық тәрбие беру, олардың мүмкіндіктерін шектемеу тәлім-тәрбиеге баулу өте маңызды. Әсіресе жасөспірім, мектеп оқушылары арасында бұл мәселе кеңінен қорғалуы керек. Осы жастағы балалар құқық, еркіндікке қатысты ақпараттарды және заң жүзін түсіне алады.

Бала құқығына тоқталсақ: әрбір бала отбасында тұрып, тәрбиеленуге, білім алуға, медициналық көмек алуға, мүлік иемденуге, еркін жүріп тұруға, жан-жақты дамуға құқылы. Алайда, бұл талаптар қоғамда сақталмай қалатын кездері де болады. Көп жағдайда балаға жасалатын қысым, зорлық-зомбылық, ата-анадан жәбір, өзге де адамдардан балаға жасалатын құқық бұзушылықтар орын алуда. Кейбір жағдайларда балалар тарапынан да құқық бұзушылықтар тіркеледі. Яғни жасөспірімдер өз құқығын асыра пайдалану факторлары. Бұл жерде, әсіресе, ата-анаға бағынбау, тәртіп бұзу, мұғалімдерге, адамдарға сыйластық танытпау, т.б. Құқықтың ең басты мақсаты — қоғамдағы тәртіпті, сыйластықты, тыныштықты қамтамасыз етіп, адамдарға теңдік беру. Осы сынды көптеген қателіктер өз құқығын толыққанды білмеуден туындайды. Сол себептен де ешбір жағдайда да азаматтар өз құқығын асыра пайдаланбай, оны сақтай білуі қажет. Қоғамдағы бала рөлі аса маңызды дүние. Өскелең ұрпақ келешек ел тірегі. Сол ұрпақтың тәлім-тәрбиесі де алдыңғы буынның парызы. Әрқашанда қоғамдағы адам құқығы бала құқығынан бастау алады. Мемлекетіміздің ертеңі де бүгінгі ұрпақ екенін естен шығармау қажет. «Азамат жолы — ар жолы» дегендей, ешкімге қиянат жасамай, өзіңнің және өзгенің құқығын сақтау — басты талап. Еркін, азат, мүмкіншілігін толық ұғынып түсінетін ұрпақ - құқықтың сақталу жемісі болмақ.



Мейрамгүл АБДУГАЛЕЕВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған мектеп-
гимназия-интернатының 9 «Ә» сынып оқушысы,
«Жас Ұлан» ұйымының ақпарат бөлім басы.
Батыс Қазақстан облысы.

Өмірде із қалдыру балалықтан басталады

Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы — адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы. Жеке тұлға қатарына балалар да кіреді, себебі олардың өзіндік көзқарасы, пікірі, сана-сезімі мен болашағы бар. Енді біз өз құқығымызды білеміз бе?

Оқуға баулудан басқа баланың балалық шағы отбасы ортасында, ойын-күлкімен, зорлық-зомбылықсыз өтуі тиіс. Бұл — бала құқығының ең маңызды бөлігі. Бала ең алдымен тәрбиені отбасынан алып, қоғамдық қарым-қатынасқа түсуді үйренеді. Қоршаған ортаны тану үдерісінде әрбір адам ақ пен қараны ажырата біліп, құқығы мен бекітілген заң бар екенін есте сақтауы керек.

«Өмірде із қалдыру балалықтан басталады» демекші, бала білім алуға толықтай құқылы. Жаста оқыған оқу тасқа жазғанмен бірдей болғандықтан бала өз келешегінің кірпішін білімнен бастап қалайды.

Бұл белгілер баланы тек отбасы мүшесі ретінде емес, жеке тұлға ретінде де танып білуге маңызы зор. «Өмірдің өзі — ұлы ұстаз» дей келе, құқығын қорғай алған бала болашақ өмірдің сынақтарынан мүдірмей өтіп, өзін-өзі тәрбиелеу деңгейіне жетеді.

